

## ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫ АЯСЫНДА ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЛОГИКА ІЛІМІН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ АРИСТОТЕЛЬ ҚАҒИДАЛАРЫН ТАЛДАУЫ\*

<sup>1</sup>Сулейменов Пірімбек Мұхамбетұлы, <sup>2</sup>Молдабек Ескер Бегалыұлы

<sup>1</sup>*spirimbek.@mail.ru*, <sup>2</sup>*yesker.moldabek@gmail.com*

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
(Алматы, Қазақстан)

<sup>1</sup>*Suleimenov Pirimbek*, <sup>2</sup>*Moldabek Yesker*

<sup>1</sup>*spirimbek.@mail.ru*, <sup>2</sup>*yesker.moldabek@gmail.com*

<sup>1,2</sup>*Al-Farabi Kazakh National University*  
(Almaty, Kazakhstan)

**Аңдатпа.** Әбу Насыр әл-Фарабидің энциклопедист-ғалым болуына ол өмір сүрген дәуірдің ықпалы орсан зор болды. Сондай-ақ оның рухани әлеміне антикалық философиялық дәстүрді бойына сіңіруі үлкен әсер етті. Анығырақ айтсақ, Аристотель философиясы мен логикасы әл-Фараби ойларының теориялық қайнар көзі болды. Сонымен қатар, әл-Фарабидің логика ілімін зерделеудегі Аристотель қағидаларын талдап оны әрі қарай дамытуы мақаланың негізгі өзегі болып табылады. Әл-Фарабидің әлемде Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «мұсылмандық шығыста бірінші ұстаз» атануы тікелей оның логика ғылымын игеріп, оны жетілдіре түсуімен байланысты. Ойшылдың сөзін қарапайым тілмен айтқанда «логика» адамды жақсыны жаманнан, шындықты өтіріктен, ақиқатты жалғаннан түбегейлі ажырата білуге бағыттайтын тура жолға жетелейтінін тұжырымдайды. Бұл, өз кезегінде, адамның қателіктерге бой алдырмауына, ұрынбауына септігін тигізеді. Әл-Фараби Аристотельдің «логика» ілімін танып, оны қоғамға өз мәнерінде түсіндіре білудің әлеуметтік мәдени негіздеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасайды. Әл-Фарабидің «логика» ілімінің теориялық негіздерін және оның маңыздылығын зерделеу барысында, мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

**Түйін сөздер:** Әл-Фараби, Аристотель, өркениет, грек философиясы, антикалық, трактаттар, фәлсафа, ғылым, Платон, логика т.б.

### *Кіріспе*

Қоғам мен мемлекеттегі алуан түрлі жағдайларды қамтитын Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) мұрасы ең алдымен адамзатқа арналған. Өйткені ол саналы ғұмырында қалың жұртшылыққа қызмет етуге ат салысты. Еңбектерін

---

\* Бұл мақала ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант №АР08857715 «Әл-Фараби трактаттарындағы теолонгвистикалық дискурс (Усул ғылм ат-табиға), «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде» ).

жекелеген тұлғаға, адамның игілігіне, елге, жерге, күллі әлем мен ғаламға арнап, көпшілік ортада қызу талас-тартысқа түскен немесе қордаланған мәселелерді шешуге ұмтылды. Сондықтан да болар оның ғылыми ізденістері әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді.

Бізге жеткен оның мұрасы философия, музыка, математика, логика, астрономия, филология және жаратылыстану ғылымдарының сан салаларын қамтиды. Ғалымның өз заманында айтқан әрбір ойы немесе келтірген пікірі, талдаған сараптаулары қазіргі қоғам дамуының кейбір қордаланған мәселелеріне дөп тиіп жатады. Уақыт озса да, Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы ортайған емес, қайта жылдар өткен сайын толысып келеді. Бұл оның еңбектерінің қайнар бастаулары гуманизмде жатқандығын аңғартады.

Қандайда бір халықтың өткенін таразылап, болашағына бағдар жасап, отыруы бұл табиғи заңдылық. Тарихи тұлғалардың рухани құндылықтарын зерттеу насихаттау біз үшін парыз. Шығыстың ұлы ойшылы, философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасы әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқаны белгілі.

Өзінің еңбектерінде Әбу Насыр әл-Фараби өз заманындағы адамгершілік, ізгілік пен достық, пәлсафалық ойлар, өнер мен мемлекеттік құрылымдар туралы келелі пікірлерін ортаға салды. Әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат», «Логикалық трактат», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты еңбектерінде адам мен қоғам, басшы мен бағынушы, сынды категорияларды негіздеп, философтардың ізденістерімен қабыстырады да, қоғамдық құрылымның өзіндік теориясын жасап шығарады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топика», «Софистика» және т.б. көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазғандығы белгілі. Ғұлама ғалым осы іс-әрекеті арқылы Батыс пен Шығыстың ой маржандарын тізбелеп қана қоймай, оларды өзара ұштастыра білді, батысты шығысқа таныстырды, өз заманындағы сүбелі пікірлерді талдады. Оның осындай келелі ізденістерін қабылдаған ғылыми жұртшылық кейіннен оны «Екінші ұстаз» ретінде мойындап, ғылымға сіңірген еңбегін жоғары бағалаған болатын.

Әл-Фарабидің қоғамдық-философиялық, ғылыми-танымдық көзқарасы ортағасырлық философиялық және ғылыми ойлардың Таяу және Орта Шығыстан бастау алған арабтық Шығыс мәдениетінің нақты тарихи дәуірде пайда болуы мен оның дамуының жемісі деп қарауға болады. Оның өмір сүрген дәуірін қараған сәтте түрлі мәдени дәстүрге мән бере отырып, оның өзара байланыстырушы тетіктерін басты назарға алу керек [1, 34 б.].

Әл-Фарабидің әлемде Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «ислам философиясының атасы» атануы тікелей оның логика ғылымын игеріп, оны

жетілдіре түсуімен байланысты. Қазақ даласынан шыққан әйгілі, ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фарабидің соңғы уақыттар бірнеше шығармаларының түп нұсқадан төл тілімізге аударылуы ғалымның негізгі ой-түйіндеріне дендеп кіруге мүмкіндік беріп отыр. Мақаланың зерттеу нысаны ұлы ойшыл әл-Фарабидің логика ілімін зерделеудегі Аристотель қағидаларын талдауы болса, ал *зерттеу* пәні ретінде әл-Фарабидің логика ғылымын одан әрі бірнеше тармақтарға бөліп жіктеуі болып отыр. Зерттеуіміздің *мақсаты* болған, әл-Фарабидің еңбектері мен әл-Фарабиді зерттеген ғалымдардың еңбектерінде «логиканы» зерделеу үшін келесі *міндеттер* қойылды:

Әл-Фарабидің бізге жеткен еңбектерінің ішінде, «логика» ілімін зерделеу; компаративистикалық талдау негізінде шетелдік және қазақстандақ ғалымдардың зерттеулеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ғылыми көзқарастарын көрсету; «логиканы» ойшылдың философиясындағы орталық түсінік екенін айқындау.

### ***Зерттеу әдіснамасы***

Бұл мақалада философияның екі алыбы Аристотель мен әл-Фарабидің «логика» ілімін танып, оны қоғамға өз мәнерінде түсіндіре білудің әлеуметтік негіздеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасалынады. Аристотель мен әл-Фарабидің «логика» ілімінің және оның теориялық маңыздылығын талдау барысында ғылыми бағыт негізінде салыстырмалы ғылыми-теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар зерттеу барысында алыс, жақын шетелдік және қазақстандық зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу жұмысына байланысты жазған ой пікірлерін негізгі дереккөз ретінде ұсынылады. Мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістері арқылы талдау жасалынады.

### ***Әл-Фарабидің логика іліміндегі Аристотель қағидалары***

Әл-Фарабидің еңбектерінің ішінде, ең маңыздыларының бірі «логика» ілімі. Әл-Фарабидің логика ілімін зерделеудегі Аристотель қағидаларын компаративистикалық талдау негізінде шетелдік және қазақстандақ ғалымдардың зерттеулеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ғылыми көзқарастарын көрсетіп, «логиканы» ойшылдың философиясындағы орталық түсінік екенін айқындау.

Аристотель мен әл-Фарабидің «логика» ілімінің және оның теориялық маңыздылығын талдау барысында ғылыми бағыт негізінде салыстырмалы ғылыми-теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Аристотель мен әл-Фарабидің логикалық көзқарастарын талдау үшін алдымен Аристотель жөнінде біраз ақпарат берген жөн.

Аристотель б.ж.с.д. 384 жылы Грекияның Стагир қаласында туылған. Әкесі Никомах Македония патшасының тәуібі және досы болған. Алғашқы білімін философия мен медицина бойынша әкесінен алған. 17 жасында Платонның Академиясына барып, сонда Платон және басқа да ұстаздардан 20 жыл бойы білім алады. Оның біліміне риза болған Платон Аристотельге Академияның «ақылы» деген атақ берген. Аристотель толыса келіп ұстазы Платонның қағидаларына шұба келтіріп, жаңа қағидалар ұсынады. Белгілі бір шындыққа жетудің басқа да жолы бар екенін айтқан Аристотель Платонға қарсы шықты деген өсек тарап кеткен. Бұл дұрыс емес. Платонның негізгі қағидаларына келіспеген Аристотель: «Маған Платон да, шындық та қымбат. Алайда адамгершіліктің қасиетті парызы шындықты жоғары ұстауға мәжбүр етіп тұр», осыдан «Платон маған дос, бірақ шындық одан да қымбат» деген қанатты сөз шыққан [2, 18 б.].

Аристотель Платон мектебінің түлегі болғандықтан, онда теориялық ғылымдарға ерекше мән берген. Платон дүниенің түп негізі рухани нәрсе, яғни идея десе, Аристотель ілімінде дүниенің көзі заттық нәрсе, яғни материя дейді. Идеалистік және материалистік көзқарас осыдан барып туындайды.

Өзінен бұрынғы грек ғылымының жетістіктерін қорыта келіп, Аристотель логика ғылымын негіздейді. Ол алғаш рет адамның ойлау, пайымдау әрекеттерінің заңдылықтарын зерттеуді қолға алады. Аристотельдің логикасы «адамның ойлау жүйесінің логикалық формасын диалектикалық зерттеудегі алғашқы тарихи формасы болды» – деп атап көрсетеді антикалық философияны зерттеуші Д.В. Джохадзе [3, 147 б.]. Аристотельдің логикалық теорияларын «Категориялар», «Аналитикалар», «Топика» және басқа да шығармаларында көреміз.

Логика (грекше *logos*): 1) дұрыс, яғни логикалық ойлау қабілеті; 2) бірдейлік, ұқсастық және оны теріске шығару ілімі, дәйектілік, қисынға сәйкестік және танымның әдістері туралы ілім.

Бұл логикаға жалпылық тұрғысынан берілген анықтама. Оның тарихы тереңде және әр кезеңдегі дамуы, оның мектептері мен бағыттары, алдыңғы философтардың бұл саладағы көзқарасы өз алдына үлкен мәселе. Жалпы «логика» сөзін алғаш рет стоиктер енгізді (стоицизм мектебі 500 жылдай өмір сүрген, негізін қалаушы Зенон) және ғылым ретінде логиканың негізін салушы, «логиканың атасы» – Аристотель [4, 54 б.].

Аристотельдің Фараби ілімдеріне жасаған ықпалы жөнінде айтпас бұрын, ең алдымен мына екі факторды есте сақтау керек: біріншісі, екі ойшылдың арасын мың жылдан астам уақыт бөліп жатса, екіншіден, осы уақыт аралығында Аристотель шығармалары перепатиктердің, стоиктердің, скептиктер мен несториан-христиандардың «қолынан өтті». Әл-Фарабидің Аристотель мұраларын ауызша түрде жеткізу дәстүрінен алғанын айтады, оның ұстаздары Юхан бин Хайлан мен Әбу Бишр Матта ибн Жүніс сол

дәстүрдің өкілдері болатын. Бұл дәстүр Александр Афродизийскиден, Темистия, Порфирия, Аммония, Филипона, Симплициядан сириялық мектеп арқылы Фарабиге келеді [5, 77 б.].

Аристотель дүниені материалистік тұрғыдан түсіндіруші болғандықтан, ортағасырлық кейбір діни ағымдардың салдарынан оның құнды материалистік идеялары бұрмаланып, тіптен грек идеалистерінің еңбектерін Аристотельге телушілік орын алған. Аристотель еңбектерін талдап зерттеу барысында, әл-Фараби ондай жаңсақ пікірлерден тазартып, өз қалпына келтіруге тырысты. Ойшылдың көзқарастарында да неоплатонизмнің, ислам суфизмнің біраз эсері байқалғанымен ол бұл міндетті тамаша атқарып шықты. Әл-Фарабидің Шығыс және Батыс үшін де, тарих және болашақ үшін де жасаған ғылыми ерліктерінің бірі осы болып саналады [2, 40 б.].

Әл-Фараби Аристотель еңбектерін барлық қырынан зерттей отырып, өзі де жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Ғылым мен дүние тануды теологиялық жағынан түсіндіруге тырысқан заманда білім мен өнерді паш етудің өзі, Фарабидің білім мен мәдениет тарихындағы кесек үлестерінің бірі. Ол ғылымның философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымдағы оқу және оқыту ретін белгіледі, әр қайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты.

Н. Решердің пайымдауы бойынша, әл-Фараби араб тілді ғалымдар арасындағы логикалық зерттеу жұмыстарын жүргізген алғашқы ғалым болып саналады. Оның «Аристотельдің Бірінші Аналитикасына қысқаша түсіндірме» атты трактаты «Бірінші Аналитикадағы» мәселелерге қатысты алғашқы зерттеу жұмысы болып табылады [6, 23 б.].

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды [7, 147 б.].

Ұлы ойшыл Аристотель шығармаларын түсінідіруші ғана емес, сонымен қатар өз тарапынан бірнеше қайталанбас ғылыми туындылар жазған ғалым. Оның 48-ге жуық логикаға қатысты трактаттарының жартысы ғана біздің заманымызға жетті.

Ойшылдың «Ғылымдардың жіктелуі туралы» трактатының екінші тарауында логика ғылымына мынадай анықтама жасайды:

«Логика өнері ақылды жетілдіруге бағытталған қағидаттар жиынтығын береді. Ол қатеге ұрыну мүмкіндігі бар ақыл нысандарын танудың барлық жағдайларында адамды дұрыс жолға, ақиқатқа бағдарлайды. Ақыл белгілі бір нысандар жөнінде қателесуден, мүлт кетуден және адасудан сақтап, қорғайтын қағидаларды үйретеді. Нысанды ақылмен тану барысында әлдебір

адамның сол жөнінде қателеспегендігіне кепілдік берілмейтін жағдайда, соларды тексеруге болатын қағидаттарды ұсынады» [8, 13 б.].

Әл-Фараби шығармаларында логикалық-гносеологиялық мәселелер алғашқы орында тұратынын атап өткен жөн. Оның логикалық теорияларының элементтері барлық шығармаларында кездеседі. Әл-Фарабидің тікелей логикалық еңбектері «Логикаға кіріспе», «Кіріспе», «Категориялар», «Диалектика», «Силлогизм», «Софистика», «Поэзия өнері жөніндегі трактат», және т. б. болып табылады.

Әл-Фарабидің рухани жетекшісі Аристотель. Бірақ ол «терең ойшыл» шәкірт болды, ол өз ұстазын қайталаған жоқ, «қабылдаған ілімдерін» сыни көзбен қарап шығармашылық шабытпен игере білді. [9, 4 б.]. Әл-Фараби мұраларында Аристотель идеялары кеңінен және тереңдетілген түрде көрініс тапты. Аристотель шығармаларына түсініктеме бере отырып, әл-Фараби оның теоретикалық ойларын өзінің логикалық жүйесіне бастапқы саты ретінде қолданды [10, 12 б.]. Ол логика заңдары мен ережелерін адамның ойлау жүйесінде саналы түрде қолданылуын атап өтеді.

Логика саласында әл-Фарабидің көтерген маңызды мәселелерінің бірі исламдық дүниетаным ортада ерекше мәнге ие болған жалған мен ақиқатты дәлелдеу мәселесі болып табылады. Грек философиясында, нақты айтқанда Аристотельде логика мәселелердің кең ауқымын: «субъект пен предикат, қарсы уәжге дәлел келтіру, пайымдаулар, өтірік пен шындықты дәлелдеудің арақатынасы» және тағы басқа да гносеологияның «әдістері» болса, ал әл-Фараби уақытында логика гносеологиялық мәселелердегі ауқымды мәселелерді шешуде ой мен нақты өмірді үйлестіретін әдіс те болды. Ойлаудың тәсілдерін зерттеумен айналысатын ғылым ретінде әл-Фараби жүйелеген логика да, Аристотельдің логикасы сияқты, тек аналитикалық қана болып қоймай, идеяны үнемі объективті шындықпен ажырамас бірлікте дәлелдеп келді.

Әл-Фараби: «Логиканың мақсаты – өз бойымыздағыны мақұлдағымыз келетін және басқалар жөнінде көзімізді жеткізгіміз келетін, сондай-ақ біз жөнінде басқалар көздерін жеткізгісі келетін жағдайлардың бәрінде бұл ғылымның бағасының зор екендігі анық көрінеді» дейді [11, 14 б.]. Бір нәрсені зерттегенде қандай жағдайда ақиқатты табуға, қателеспеуге кәміл сенімді бола аламыз деген сұрақты қойып, ой-пікірлерін түйіндейді. Ойшыл, егер логиканы білмесек, адамның дұрыс айтып тұрғанына неліктен сенетімізді, пікірінің қалайша, қай жағынан дұрыс екенін, оның дәлелдерінің қалай растай алатынын, немесе егер адам қате пікірде болса, қалайша, қай жағынан қателескенін, нендей қате екенін және оның дәлелдері қалайша пікірлерінің дұрыстығына көз жеткізе алмайтынын біле алмаймыз деп ашық көрсетеді.

Логиканың қағидаларын жақсы білу, өздерін білімді санайтын адамдардың деңгейлерін анықтау жолында таптырмас құрал. Логика



ғылымынан сауатымыз болмаған жағдайда жоғарыдығы адамдарды сынап көре алмаймыз. Нәтижеде олардың бәрін білімді деп қабылдаймыз, немесе керісінше бәрін айыптаймыз, яки болмаса олардың ішінен бірін ғана жоғары санаймыз. Бізге осындай жағдайда логикалық дәлел жетіспей жатады. Өзімізше біреуді жақсы адам деп жүргенде, ол оңбаған, өтірікші болып шықпауына кепіл жоқ. Өтірік сөйлейтін адамға көмектесіп, өзімізді мазақ етіп жүрген адамды білместікпен қолдап жүруіміз мүмкін. Сол сияқты біз кіналап, қашқақтап жүрген адамымыз керісінше, жақсы болып шығуы мүмкін. Міне, логиканы білмеудің зияны мен пайдасы осында. Кім өз сенімі мен пікірінде тек болжамға, яғни өзіне сенімсіз адамның пікірімен шектеуді қаламаса, оған айғақ іздейтін логикаға көшу қажет. Ал кімде өз пікірінде болжамға арқа сүйеуді қалайтын болса, онда солай қала берсін» – дейді ойшыл [8, 17 б.].

Дүниені ғылыми көзқараспен тану үшін әл-Фараби ең алдымен субстанция мен акциденцияны тану арқылы болатынын өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты трактатында айтып өтеді. Субстанция – заттың, нәрсенің өзгермейтін мәні, мазмұны, ол қозғалыста, бірлікте, оны ақылмен тануға болады. Мұнда субстанция материя ұғымына келетін болса, ал акциденция субстанцияның түрліше көрінісі. Ол жөнінде әл-Фараби: «Субстанцияны тек ақыл ғана қабылдайды, акциденция сол екеуінің арасына дәнекер болады. Ақыл бояу түсінің ар жағында бір боялған нәрсенің барын, дыбыстың ар жағында сол дыбысты шығарып тұран бір нәрсе барын біледі. Мәселе қалған сезімдер жөнінде де осылай». «Бірінші материя» мен «Бірінші форманың» қарым-қатынасы жөнінде әл-Фарабиде мынадай негізгі мәселелерді атап өткен жөн. Ол тек аристотельдік сипаттаманың сыртқы жағын ғана қабылдайды, бірақ форма мен материяны бөлінбес бірлік ретінде қарастырады: материя формасыз бола алмайды, сондай-ақ форма да материясыз болмайды. Егер Аристотель басымдылықты формаға берсе, әл-Фараби материяның маңыздылығын көрсетеді. Ол барлық уақытта материяның орынын атап отырады: форма барлық уақытта материяны қажет етеді, ол «тек материяда ғана өміршең бола алады» – дейді. Фарабидің пайымдауынша материя өзгерісінде шексіз өздігінен жоқ бола алмайды, ал форма белгілі дене түрлерінде шектеулі [9, 58-59 бб.].

Әл-Фараби мен Аристотельдің логика іліміне қатысты өзара көзқарастарының үндестігі – дедуктивті ой тұжырымы ретіндегі силлогизм туралы ілімі метафизикалық сипатта болуында еді. Мысалы силлогизмде «барлық адамдар ажалды, Сократ – адам, демек ол ажалды, қорытынды – логиканың формальды заңынан шығатын орынды дедукция: Аристотель оның эмпирияға сәйкестігін негіздейді. Осылайша Аристотель танымның реалистік теориясын жасады және ол үшін логика ақиқатты танитын және оны өз ішінде тұжырымдамалар түрінде шығаратын ойлаудың формаларын талдау болып табылады» [12, 20 б.].

Аристотель негізін қалап, әл-Фараби одан әрі дамытқан силлогистика ғылымы – жүйелі ілімнің принциптерін жасап шығаруда үлкен мәнге ие дедуктивті ой тұжырымының классикалық теориясы болып саналады. Әл-Фарабидің «Силлогизм» атты трактаты силлогизмнің мағынасын ашатын 18 бөліктен тұрады. Ойшыл өз еңбегінде пайымдауға кесімді мән береді, демек, бейтолерантты анықтаумен байланысты қандайда бір ұғымдық мағынаны бекітетін пайымдау. Ғалымның түсінігінде жалпы мен жеке диалектикасы мөлшерлік және сапалық көрсеткіштер арқылы жүзеге асады.

Еңбектің 5-бөлімінде жеке ой тұжырымдары мәнінің ақиқат және жалғандығын анықтай келіп Фараби былай дейді: «олардың екеуі бірдей ақиқат та, жалған да бола алмайды, өйткені егер біреуі ақиқат болса, екіншісі – жалған, ал олардың біреуі, қайсысы болса да, жалған болса, екіншісі – ақиқат. Мұндай (жағдай) барлық жағдайлар мен материяларда, олардың қажетті (аподиктикалық), мүмкін емес немесе мүмкін (проблематикалық) ретінде, (тіпті) бір-біріне қарама-қайшы келетін ой тұжырымдарының екі түрінде де сақталады»[13, 251 б.].

Жалпы әмбебап ой тұжырымдар мәселесінде трансцендентті түсініктерге қатысты әл-Фараби платондық, толық алғанда ортағасырлық дүниетанымға тән позицияны ұстанады. Алдымен Аристотель, кейінірек әл-Фараби платонизм өкілдерінің дедукцияны теориялық емес, үстірт анықтағанын сынға алғаныменен, олардың біраз қағидаларын мойындайды.

Мұсылман философиялық жүйесінде дедуктивті тәсілді ақиқатты силлогизм арқылы дәлелдеу тәсілі ретінде қолданғанда адамның сыртқы әлеммен байланыс фактісі ғана анықталған жоқ, сондай-ақ Құдайдың жаратқан әлеммен адамның феноменальды байланысы айқындалды. Кейін бұл логикалық зерттемелер Жаңа заман дәуірінде кеңінен қолданылды, дедукция мәселелерінде Рене Декарт, Лейбниц, И. Кант және басқа да ғалымдардың еңбектері арналды, оларда дедуктивті тәсіл мағынасы ой тұжырым шығару болатын формальды логиканың тәсілі ретінде ғана емес, әлемді тану әдісі ретінде түсінілді.

Әл-Фарабидің «Логикаға кіріспе», «Аналитика», «Логикада қолданатын сөз орамдары», «Логика бойынша кіріспе бөлімдер» атты трактаттары логикалық ілім, әдіс, дәлелдеу, силлогизм, дедукция жөніндегі мәселелердің мәнін ашуға бағытталған.

«Софистика» атты трактатында Аристотель софистика өкілдері белгілі бір мақсат ұстауда және олар бесеу деп көрсетеді: «теріске шығару, жалғандық, жалпы қабылдағандармен үйлеспеушілік, тілдегі қателіктер және сұхбаттасты бос сөзге мәжбүрлеу, яғни бір нәрсені қайталай беру немесе (софистер) бұл мақсатты істе болмаса да көзбен көрерліктей жасайды. Бәрінен бұрын олар теріске шығаратынды көзбен көрерлік нәрседей етуге тырысады; екінші – сұхбатшы жалған айтып отырғанын көрсетуді; үшінші – оның



жалпы қабылдағандармен келіспейтіндігіне әкелуі; төртінші – оны тілде қателіктер жасауға, яғни өзінің уәждерімен айтушыны басқа елдің адамынша қате сөйлеуге, ақыры оны бір нәрсені қайталай беруге мәжбүрлеу» [14, 537 б.]. Осылайша Аристотель өз еңбектерінде софистикалық көзқарастарды қатты сынға алған болатын.

Әл-Фараби Аристотельдің софистикаға қатысты пікірін қолдағанымен, софистиканың соншама танымал болуының себебін түсінуді, оның рационалды мәнін егер бар болса неде екенін анықтауды ұсынады. Ғалымның «Софистика» атты трактаты логиканы жаңылыс пен толық түсінбеушілік және оларды қалай шешуге, қайшылықтарын, ойлаудың формасы мен тәсілі жөнінде баяндайды. Сондай-ақ әл-Фараби софистиканың шығу тегін қарастыра отырып, софистік қорытындыларды теріске шығаратын тәсіл мен амалдарды логикалық негіздеуді ұйғарды. Өз еңбегінде ол софистер ұстанымын, әсіресе Протагорды сынады. «Адам – барлық заттың өлшемі» адам танымы релятивтігінің герменевтикасына зор мүмкіндік берді және мұны көптеген софистер қолданды.

Әл-Фараби софистиканың мәнін анықтау барысында осы жалған дәлелдеудің жалған әдістерін ашу деп санайды, өйткені олар зат туралы бұрмаланған ұғым мен бұрмаланған ойлау әдісіне әкеледі деді: «Енді біз ізденуші ізденіп отырған затына қатысты қателерді жіберетін жерін, сананы дұрыс жолдан тайдырып жалған ақиқат түрінде көрсетуге және адамды танығысы келген затқа қатысты адастыруға арналған әдістер туралы айтайық. Бұл амалдар бізге белгілі болғанда, бізге айтылған заттарды қарастырғанда, олардың әсерінен қалай құтылуға болатынын, не біз өзіміз дәлелдеп отырғанға қатысты, не басқамен дәлелденіп отырғанға құпия болмайды» [11, 365 б.].

Кез келген ақиқатты немесе қағиданы дәлелдеуді софистер паралогизмнен шығарды, себебі ол логикалық тұжырымдау кезінде түрлі ауытқулармен байланысты. Паралогизм немесе логикалық қателер логикалық пайымдау кезінде түрлі қиындықтардан, екіұштылықтан туындап отырады. Біле тұра жасалған логикалық қателер – бұл паралогизм емес, софизм болып табылады. Аристотель паралогизмді ең алғашқы болып жүйелеп анықтады. Әл-Фараби логикалық қателерді түзету мен жүйелеуді жалғастырып, софизмді жоққа шығарудың амалы мен тәсілін өз заманының түрлі ілімінде кеңінен пайдаланды. Өзінің «Мұттакәлімдер пайдаланатын кіші силлогизм» трактатында логикалық ілімді толығырақ ашып және оның гносеологиядағы мүмкіндіктерін көрсетеді. Ойшыл танымдық теориясын қалыптастыруда математикалық дәлелдеулерге жүгінеді. Сезімдік және рационалдық танымның әмбебап түсініктерінің бар болуын дәлелдеудегі қиындықтарды сезе отырып, әл-Фараби математика мен геометриядағы «шеңбер», «үшбұрыш» деген ұғымдарды жалпыға ортақ ұғымдар деп, бірақ эмпирикалық тәжірибеде «жалпы үшбұрышпен», «жалпыға ортақ квадратпен» біз ешқашан

кездеспейміз деген мысалдармен адамның жеңіл әрі ұғынықты қабылдауына мүмкіндік берді.

***Әл-Фараби мен Аристотельдің логика іліміне қатысты  
көзқарастарының өзара үндестігі***

Әл-Фараби «Категориялар» атты өз еңбегінде категориялардың мәнін, қажеттілігін және жалпыға ортақтылығын көрсетеді. Аристотельдің «Категориялар» атты кітабының түсіндірмесі болып табылатын әл-Фарабидің еңбегі логика-метафизикалық мәселелердің негізінде жазылған. Стагириттің ілімін жалғастыра отырып, әл-Фараби логика өмірден алшақ жатқан ғылым емес деп тұжырымдайды. Объективті заттардың мәнін категориялар арқылы түсіне отырып, сол арқылы танымдық әрекеттің үш бірдей әдісі іске асырылады: затты ойлау, ойлаудың заңдарын үйрену және сол арқылы әлемді тану. Осындай жүйеде құрылған Әбу Насыр әл-Фараби логикасы метафизиканың міндеттерімен айқындалған.

Аристотель, одан кейін әл-Фараби қарастырған он категория қазіргі заманғы философиялық сөздіктен алшақ болар: «Категория – шынайы болмыс пен танымның маңызды да заңды байланыстары мен қатынастарын көрсететін жалпы іргелі ұғым» [15, 254 б.], бірақ ең бірінші универсальды түсінік пен оны тану әдісімен Аристотель айналысты. Оның жалпы мәндік деп анықталған он категориясы танымдық іс-әрекет үрдісінде әлем мен адам қатынасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Оның «категория» мәселесін анықтауда кейбір зерттеуші философтардың пікірінше жеткілікті дәрежеде болмады деген пікір бар. Мәселен, Б. Рассел Аристотельде «категорияға тек жалғыз ғана анықтама береді – бұл ешбір күрделіні білдірмейді» десе [16, 239 б.], В. Асмус: «Категорияның қатынас пен байланыс туралы, логикалық және лингвистикалық мәселелерінің жете қарастырылмауынан Аристотель тапқан категориялар бірде болмыс пен таным, бірде тіл категориясы болып шығады» дейді [17, 352 б.].

Сондай-ақ категорияның санына байланысты В. Асмус Аристотельдің «Категориялардан» басқа да трактаттарына сүйене отырып, олар оннан алтыға дейін, кейде төртке дейін өзгертетінін айтады: «алайда олар «Категорияларда» ғана он, ал басқа шығармаларда сегіз немесе алты, тіпті төртеуін ғана ағайды. Құрамы жағынан да Аристотель қорытынды нәтиже бермейді: «Метафизикада» орын категориясынан кейін категория ретінде бұрын еш жерде көрсетілмеген әрекет категориясы көрсетіледі» дейді [17, 352 б.]. Аристотельді сынға алмас бұрын мұнда төрт факторды айтып өту керек: бірінші, Аристотель еңбектері хронологиялық жағынан белгілі бір қалыпқа келтірілмеген, екіншіден, оның трактаттары біздің заманымызға толық жетті деп айта алмаймыз, үшіншіден, Стагириттің еңбектері аударма барысында не-

месе белгілі бір саяси көзқарастың себебінен өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Төртінші фактор – антикалық заманда ғылым салалары жіктелмегендіктен (ол тек орта ғасырда әл-Фарабиден басталды) категориялардың мағынасы философия немесе филология ғылымдарымен астасып жатуы сол заманның ғылымына сай көрініс деп қарау керек. Сондықтан тек қолда бар еңбектердің негізінде ғылыми тұжырым жасау қателікке бой алдыруы мүмкін.

Өз кезегінде әл-Фараби де категорияны 10-ға бөледі, олар: субстанция (мән), мөлшер, сапа, қатынас, уақыт, орын, жағдай, күй, әрекет және әрекет өзгерісі. Категорияны Аристотель секілді болмысты анықтайтын жалпы қасиеттер деп түсінген әл-Фараби: «әр аралық тек оны қалыптастыратын ажыратқыш және оны бөлетін ажыратқыш белгіге ие. Жоғарғы тектердің барлығы он» – дейді [11, 158 б.].

Логикада категорияның пайда болуының заңдылығы – барлығының бастауы мән мен субстанция. Оның субстанцияға берген анықтамасы субстанция туралы онтологиялық мәселенің туындауына әкеп соғады. «Субстанция – жалпы өз мәнінен тыс қандай да бір таратушы туралы ешбір білім бермейді. Осындай қасиеті бар зат екі түрлі болып келеді: біреуі бұл өз таратушыларының мәні туралы ілім беретін субстанцияның әмбебабы; екіншісі қандай да бір таратушының мәні туралы ешбір ілім, өз мәнінен тыс ешнәрсе бермейтін бұл субстанция индивиді » [11, 356 б.].

«Мөлшер» жөнінде әл-Фараби «бүтіні оның бөлігімен өлшенетіннің бәрін мөлшер деп түсінді, оған мысалы, сан, сызық, дене беті, уақыт, сөз және сөйлем» секілділер жатады. Оның жасаған кез келген заттың мөлшері жөніндегі анықтамасы ғылыми таным үрдісінде өте зор маңызға ие болды.

«Сапа» туралы ол: «сапа негізі – ол сол арқылы индивидтер туралы қандай екенін айтуға болатын форма; кез келген индивидке қатысты: ол қандай деген сұраққа жауап беретін нәрсе. Сапа ең жоғарғы тек ретінде төрт аралық түрге бөлінеді: 1) қасиет пен күй; 2) табиғи қасиеттер деп аталатын нәрсе; 3) ырықсыз сапа және ырықсыз күй; 4) мөлшерге тән сапа» [11, 174 б.]. Ойшыл «сапаны» төрт түр бойынша жүйелей отырып, кез келген заттың мәні сапалы-мөлшерлік бірлікте деп анықтама береді.

«Қатынас» категориясы – «бұл екі зат арасындағы оларды сол арқылы салыстыра отырып белгілеуге болатын байланыс...Қатынас ұғымын беретін заттар барлық басқа текке бағынады. Олар мөлшер категориясына, мысалы, алты және үш, алты – бұл екі рет алынған үш, ал үш – алтының жартысы. Олар субстанция категориясына да қатысты – мысалы, Зейд және Амр, әкелікті және ұлдықты көрсетуші немесе осы қатынасты көрсетушілер, осымен қатар олардың біреуі қожайын, ал екіншісі құл...». Аристотельдің заттың бар болуының төрт себебі туралы ілімін негізге ала отырып, әл-Фараби «қатынас» категориясының мәнін талдайды. Ол қатынастың заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс көзі екенін айтады. Басқа да категориялардың мәнін

ашуда әл-Фараби оларды диалектикалық бірлікте анықтайды. Аристотель секілді әл-Фараби де «категория» деп ақыл-ой түсінігінің формасы немесе түсінік матрицасы деп қана емес: категориялар экстрментальді әлемдегі болмыстың шынайы формасы, логика мен метафизика (оның зерттеуінің ең басты тақырыбы субстанция болып табылады) арасын қосатын көпір деп түсіндіреді [18, 112 б.].

Шығыс перипатетизімінің логикалық, теориялық-танымдық және әдіснамалық мәселелеріне арналған әл-Фарабидің «Диалектика» атты трактаты табиғатты, жалпыға ортақ категориялық формаларды зерттеу, яғни жалпылықты білуге жетелейді.

Әл-Фараби оны қабылдады және әрі қарай дамытты. Ойшыл теориялық білімді ғылым, ал практикалық білімді өнер, яғни кәсіп деп атағандықтан логиканы практикалық ғылымдардың санатына жатқызады. Ойшылдың сөзін қарапайым тілмен айтқанда – логика адамды жақсыны жаманнан, шындықты өтіріктен, ақиқатты жалғаннан түбегейлі ажырата білуге бағыттайтын тура жолға жетелейтінін тұжырымдайды. Бұл, өз кезегінде, адамның қателіктерге бой алдырмауына, ұрынбауына септігін тигізеді.

Кейбір ғылым саласының логикалық ойлау қабілетін дамытатындығы жөнінде философ: «Пайымдар мен диалектикалық айтыстарды меңгерген немесе математика ғылымын білетін адам мысалы, геометрия мен арифметикада жаттыққан адам логика қағидаларын үйренуді қажет етпейді. Өйткені бұл ғылымдар адамға әрбір сөзді, айғақты, пікірді тексеруге мүмкіндік береді. Барлық ғылымда қателеспей, ақиқатқа, шынайы танымға жетелейді» деп өз пікірін тұжырымдайды. Алайда бұл логиканың орынын осы ғылымдар алмастырады деген жаңсақ пікірге алып келмеуі керек.

«Осылайша «математика логиканың орынын басады» деушілерге айтарым: олар «Пайымдар мен диалектикалық айтысты меңгергендер үшін грамматиканы үйренудің қажеті жоқ, өйткені бұл ғылымдар онсыз да өлең мен сөздерді жаттауға дағдыланған, тілді жетілдірген, адамға әрбір сөздің дұрыс немесе бұрыс айтылғанын тексеретін мүмкіндік береді. Сондықтан да диалектикалық айтыс грамматиканың қызметін атқарады» дейтіндерге ұқсайды. Бұл мәселеде адам грамматиканы ұстану қажет болса, жоғарыдағы жағдайда логиканы жетік меңгеруі тиіс» дейді ғалым.

Әл-Фараби логика ғылымының мәні мен пайдасы жөнінде айта отырып, адам болмысында ақылға сәйкес келетін табиғи логикалық түсініктер бар екенін айтады. Мысалы, «тұтас нәрсе өзінің бөлшегінен үлкен», «көк түс ақ түстен өзгешелеу», «4 саны жұп келеді» деген секілді айқын нәрселер бар. Ал айқын емес кейбір ойлар қате пікірлерге алып келуі мүмкін. Сондықтан да оны дәлелдеу қажет болады. Ондайда өзіндік ережелер мен заңдылықтар керек болады. Сондай заңдылықтар арқылы ой түрлі қателіктерден сақтандырылады. Мұнда логика заңдарын тілдегі грамматика ғылымына теңеуге болады. Егер

тілдің грамматикасы сақталмаса ойдың күрделі мазмұны ала-құла, негізсіз, ережесіз сөз жиынтықтарынан құралатын еді. Сондықтан да қоғамда ой қабілетін теориядан практикаға ауыстыра алатын тұлғаларды қоғам қашан да қажетсінеді. Логикалық ойлау жүйесі болмаған адаммен қандай да бір тақырып бойынша сөз қозғап, талқылап, одан қорытынды шығару қиынға соғады – дейді [11, 158 б.].

Аристотель логика жөнінде өз ойларын замандастарына дұрыс жеткізе білуде сол заманның сөз оралымдары мен жайттарды мысал ретінде айтты. Мың жыл бұрынғы грек қоғамының ондай мысалдарын өз заманының араб қоғамына сол күйдегі аудармасымен ғана беру негізгі ойды толық бере алмайтын еді, сондықтан да негізгі ойды жеткізуде әл-Фараби өз заманының мысалдары арқылы оқырманды негізгі оймен тоғыта алды. Бұл жөнінде ойшыл: «Әуелі силлогизмді, дедукцияны және білуіміз керек болған беймәлім нәрселердің қалай анықталатынын түсіндіруіміз қажет: силлогизмнің қанша түрі бар, олардың әрбірі қалай байланысады, олар не нәрселерден құралады, онда қандай ережелер сақталады, бұл жерде Аристотель сол логика өнерінде қолданған заттардың нақ өздері туралы айтады. Олардың көпшілігінде араб тілі иелеріне белгілі сөздерден құралған арнайы қалыптасқан сөздердің болуы лазым және осы заңдылықтарды түсіндіру үшін біздің замандастарымызға түсінікті мысалдар болуы керек. Аристотель өз кітабында сол заттарды дәлелдегенде оларға өз тілінде қарапайым сөздерден құралған сөйлемшелерді қолданды және өз замандастарына белгілі, әрі кең қолданыста болған мысалдарды келтірді. Егер осы тілдің иелерінде сөйлемшені құрастыру өзге елдердің салтында болмаса және сол дәуірде белгілі мысалдар басқа дәуірде белгілі болмағанда, онда Аристотель сол заттарды түсіндіру үшін қолданған мысалдары бұлыңғыр болып, біздің заманның адамдарына түсініксіз болар еді. Тіпті біздің дәуірдің көп адамы өздерінің логика туралы кітаптарын пайдасыз санап, ысырып тастауға жақын болар еді» – дейді [19, 32 б.].

### ***Қорытынды***

Әл-Фараби аристотельдік логиканың ізбасары болып, оның аподейктикадағы шектеуінен асып, логика ғылымын кеңейтті, стоиктер мен эпикурейліктердің мұраларын сыни көзбен игерді және олардың рационалды ілімдерін дамытты. Логикада жаңа ғылыми терминдерді айналымға кіргізіп, қорытындылары мен принциптерін жүйеледі. Егер Аристотель талқылауды дәлелдеу (аподиктикалық), диалектикалық және софистикалық (эвристикалық) деп бөлсе, әл-Фараби талқылау әдістерінің санын беске жеткізіп, оған риторикалық және поэтикалық әдістерді қосқан.

Әбу Насыр әл-Фарабидің логикасы – өз бойына тарихи-материалдық дүниелерді қорыта келе, жалпы заңдылыққа айналған қазіргі заманның

логикасының негізі болып саналады. Әл-Фарабидің логика саласына енгізген тың жаңалығы – ежелгі гректердің логикалық жүйесін ислам қағидаларымен ұштастыра білуі. Оның логикалық трактарттары батыс елдерінде Аристотель шығармаларымен қоса танылып, дін мен философияның үндестігін тауып, «екінші ұстаз» және «Ислам логикасының атасы» атанды.

Шамамен біржарым мың жылға созылған зерттеу еңбектерінің арқасында логика ғылымы орта ғасырларда негізгі пәндердің бірі ретінде білім беру жүйесіне енді. Әбу Насыр әл-Фараби қалаған логика жүйесі бірнеше ғасырлар бойында халифаттың барлық білім ордаларында логиканы үйретудің оқу құралы болып келді. Ибн Рушд, ибн Сина, ибн Туфайл, ибн Халдун, әл-Ғазали, ибн Араби секілді ұлы ойшылдар оның трактаттарын оқып үйренген. Қазіргі кезде де оның «Логикасы» ойлау өнерін үйренгісі келетіндер үшін нағыз керекті оқу құралы болып табылады.

Әл-Фараби философиясы – Аристотель хикметі мен Платон философиясының жаңа мектебі түріндегі ислами мазмұн мен формаға айналған түрі. Фарабитанушы-ғалымдардың пікірінше, ол логика, жаратылыста – Аристотель, этика, саясатта – Платон, метафизикада – Плотиннің көзқарас-танымынан нәр алған. Тағы бір айта кететін жайт: әл-Фараби басқа ойшылдарға қарағанда Платон мен Аристотельдің көзқарастарының өзара жақын екенін, жалпы болмысты тани білудің бір ғана жолы болмайтынын баса айтып өтеді [20, 9 б.].

Жалпы философияның бұл екі алыбы жөнінде әл-Фараби: «Платон мен Аристотель – философияны жасаған екі данышпан. Олар философияның бастамасы мен негізін қалап, оның кейбір салаларын соңына жеткізіп тамамдады. Дара мен жалпыда, ұсақ және маңызды мәселелерде осы екеуіне сілтеме жасалады» деп қорытындылайды [21, 123 б.].

Әл-Фарабидің логикаға қосқан үлесі туралы оның алдындағы ғалымдарға сүйене отырып, араб тіліндегі сөздікті соншалықты дамытқандығын айтуға болады – Аристотельде кездесетін терминдердің барлығына баламасын тапқан. «Ол аудармашылардың мәтіндерінен сәтсіз таңдалған терминдерді алып, оларды біріктірді, аудармашыларда кездеспейтін, бірақ кейінгі философтардың күнделікті өміріне енген неологизмдер жасады, шетелдік терминдерден бас тартты, өйткені араб тілінің ерекшелігі шетелдік сөздерді оқу мүмкін емес етеді. Сонымен қатар, ол «Органонның» барлық кітаптарына түсініктемелер жазды, Аристотельдің негізгі логикалық тұжырымдамаларына анықтама берді, оларды өз заманының ғылыми ойымен игеруге қол жетімді етті». Техас технологиялық университетінің философия бөлімінің басшысы профессор Марк Вебб әл-Фараби жөнінде: «Әл-Фараби Еуропа үшін классикалық философияның сақтаушысы ретінде де маңызға ие. Рим империясы Еуропа герман тайпаларының шабуылына ұшыраған уақытта, Аристотельдің көптеген жұмыстары жойылып кетті. Әл-Фараби,



басқа замандастары секілді Аристотельдің мәтіндерін араб тіліне аударып, кең көлемді түсініктемелер жазды. Өз уақыты туғанда антикалық элиндік ұлы даналық әл-Фарабимен басқа ортағасыр ислам ойшылдарының арқасында Еуропаға қайта оралды. Нәтижесінде ортағасырлық христиан философиясы, қасиетті Фома Аквинатты қоса алғанда, христиандық философияның дамуына көмегін тигізген Аристотельдің мәтіндеріне қол жеткізді. Олай болса, әл-Фарабиді ортағасырлық христиан және ислам философиясының әкесі деп айта аламыз» деп ойшылдың еңбегіне өз бағасын берді [22, 12 б.]. Аристотель мен әл-Фараби аяқталған логикалық жүйені құрған жоқ, олар «нүктені» қажет ететін логикалық жүйе емес, ары қарай дамытуды қажет ететін жүйені құрды.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Фарабитану. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 139 б.
- 2 Көбесов.А. Әл-Фараби: монография. – Алматы: Қазақстан, 1971.– 171 б.
- 3 Джохадзе Д.В. Основные этапы развития античной философии. – М: Наука, 1977. – 295 с.
- 4 Нұрышева Г., Төлентаева К. Әл-Фараби: таным тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 212 б.
- 5 Касымжанов А.Х. Логика и теория познания аль-Фараби. //В кн.Аль-Фараби. Логические трактаты. – Алматы: Наука, 1975. – 672 с.
- 6 Resher N. Al-Farabi' sshort commentary on Aristotle's Prior Analytics. – Pittsburg: Print length, 1963. – 132 p.
- 7 Suleimenov P. The Philosophical Basis of Al-Farabi's Concept of "Virtuous City", Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum, Printed in Estonia. – 2019. – 167 p.
- 8 Әл-Фараби. Ғылымдардың жіктелуі туралы. Аударған Сандыбаев Ж.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 64 б.
- 9 О логическом учении ал-Фараби: Монография. – Алматы: Наука, 1982. – 200 с.
- 10 Гафуров Б.Г., Касымжанов А.Х. Аль-Фараби в истории культуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 198 с.
- 11 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты.–Алматы: Наука, 1973.– 398 с.
- 12 Ф. Коплстон. История философии. Древняя Греция и Древний Рим. Т.2. – М: ЗАО Центрполиграф, 2003.– 319 с.
- 13 Аль-Фараби. Логические трактаты. – Алматы: Наука, 1975. – 672 с.
- 14 Аристотель. Сочинения в 4-х томах, том 2. – М: Мысль, 1978. – 687 с.
- 15 Философский энциклопедический словарь. – М., 1989. – 840 с.
- 16 Рассел Б. История западной философии.–Ростов на Дону:Феникс, 2002.– 540 с.
- 17 Асмус В.Ф. Античная философия. – М: Высшая школа, 1976. – 544 с.
- 18 Әбу Насыр әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін]: жинақ / Әбу Насыр әл-Фараби. 3-т. – Астана: «Лотос-Астана», 2007, – 365 б.
- 19 Әл-Фараби. Теология және кіші силлогизм трактаттары // Аударған Ж.Сандыбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 70 б.
- 20 Әл-Фараби. Қос данышпан Платон мен Аристотель көзқарастарының ортақтығы туралы // Аударған Сандыбаев Ж.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 52 б.

21 Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері: жинақ // [жалпы ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов; құраст.: Ж. С. Сандыбаев, Ы. М. Палтөре]. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 233 б.

22 Алтаев Ж. Әл-Фараби өркениеттер сұхбатында [Мәтін] : көптомдық шығармалар жинағы // Ж. Алтаев; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ.7-т. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 322 б.

### *Transliteration*

1 Farabitanu. [Philosophical Treatises] – Алматы: Qazaq University, 2019. – 139 b.

2 Kobesov A. Al-Farabi: monografiya . – Алматы:Qazaqstan, 1971.– 171 b.

3 Djohadze, D. Osnovnye etapy razvitiya antichnoy filosofii [The Main Stages of the Development of Ancient Philosophy].– M.: Nauka, 1977. – 295 s.

4 Nurisheva G., Tolentaeva K. Al-Farabi: tanym tagilimy [lessons of Knowledge]. – Алматы: Qazaq University, 2020. – 212 b.

5 Kasimjanov A.H. Logika i teoriya poznaniya al-Farabi \ V kn. Al-Farabi. Logicheskiye traktaty [Logic and Theory of Knowledge of Al-Farabi – In the book of Al-Farabi. Logical treatises]. – Алматы: Nauka, 1975. – 672 s.

6 Resher N. Al-Farabi’s short commentary on Aristotle’s Prior Analytics. Pittsburg: Print length , 1963. – 132 p.

7 Suleimenov P. The Philosophical Basis of Al-Farabi’s Concept of “Virtuous City”, Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum, Printed in Estonia. 2019. – 167 p.

8 Al-Farabi. Gilimdardinjikteli turali [On the Classification of Sciences]. – Алматы:Qazaq Universiteti, 2020. – 64 b.

9 O ogicheskom ucheniy al-Farabi [On the Logical Teaching of Al-Farabi]: monografiya. – Алматы: Nauka, 1982. – 200 s.

10 Gafurov B.G., Kassymzhanov A. Kh. Al-Farabi v istoriy kulturi [Al-Farabi in the History of Culture]. – Алматы: Qazaq Universiteti, 2019. – 198 s.

11 Al-Farabi. Sotsialno-eticheskiye traktaty [Socio-Ethical Treatises] – Алматы: Nauka, 1973. – 398 s.

12 Koplston F. Istoriya filosofii. Drevniyaya Gretsiya I Drevnii Rim [History of Philosophy. Ancient Greece and Ancient Rome]. T.2. – M.: ZAO Centrpoligrqaf, 2003.– 319 s.

13 Al-Farabi. Logicheskiye traktaty [Logical Treatises]. – Алматы: Nauka, 1975. – 672 s.

14 Aristotel. Sochinenye v 4 tomah [Works in 4 Volumes]. – M.: Mysl, 1978. – 687 s.

15 Filosofskii ensiklopedicheskii slovar [Philosophical Encyclopedic Dictionary] – M.: Nauka, 1989. – 870 s.

16 Rassel B. Istoriya zapadnoy filosofii [History of Western Philosophy]. – Rostov na Donu: Fenix, 2002. – 540 s.

17 Asmus V.F. Antichnaya filosofiya [Ancient Philosophy]. – M.:Vishaya shkola, 1976. – 544 s.

18 Abu Nasir al-Farabi. On tom dik shigarmalar jinagi [Works in 10 Volumes]. 3-t. – Astana: «Lotos-Astana», 2007. – 365 b.

19 Al-Farabi. Teologiya jane kishi sillogizm traktattary [Treatises of Theology and Small Syllogism]. – Алматы: Qazaq Universiteti. 2021. – 70 b.

20 Al-Farabi. Qos danishpan Platon men Aristotel kozqarastitinin ortaqtigi turali [On the Common Views of Plato and Aristotle]. – Алматы: Qazaq Universiteti. 2020. – 52 b.

21 Abu Nasir al-Farabidin aqil-oi pikirleri men naqil sozderi [Abu Nasir al-Farabi’s Intellectual Opinions and Proverbs]. – Алматы: Qazaq Universiteti, 2020. – 233 b.

22 Altayev Zh. Al-Farabi orkeniyetter suhbattastiginda [Al-Farabi in the Dialogue of Civilizations]. – Almaty: Qazaq Universiteti, 2017. – 322 b.

**Сулейменов П.М., Молдабек Е.Б.**

**Аль-Фараби: анализ принципов Аристотеля в изучении логики в контексте науки истории и философии**

*Аннотация.* Становлению аль-Фараби ученым-энциклопедистом и формированию его научного мировоззрения способствовало эпоха, в которой он жил. Формирование духовного мира аль-Фараби также напрямую связано с усвоением античной философской традиции, точнее, философия и логика Аристотеля были теоретическими источниками идей аль-Фараби. Основное внимание в статье уделяется анализу аль-Фараби принципов Аристотеля в изучении логики и ее дальнейшем развитии. Репутация аль-Фараби как «Второго учителя» в мире после Аристотеля, «Первого учителя на Востоке», напрямую связано с его мастерством и совершенствованием науки логики. Проще говоря, «логика» мыслителя состоит в том, что она направляет человека на правильный путь, ведущий к способности радикально отличать добро от зла, правду от лжи. Это, в свою очередь, помогает человеку избегать ошибок. При изучении теоретических основ учения аль-Фараби о «логике» и ее важности в текстах использовались методы герменевтического и сравнительно-стилистического исследования.

*Ключевые слова:* аль-Фараби, Аристотель, цивилизация, греческая философия, античный, трактаты, философия, наука, Платон, логика и т.д.

**Suleimenov P., Moldabek Y.**

**Al-Farabi : Analysis of Aristotle’s Principles in the Study of Logic in the Context of the Science of History and Philosophy**

*Abstract.* The era in which he lived contributed to the formation of Abu Nasir al-Farabi as an encyclopedic scientist and the formation of his scientific worldview. Also, in the formation of the spiritual world, Al-Farabi is directly related to the assimilation of the ancient philosophical tradition. More precisely, the philosophy and logic of Aristotle were the theoretical sources of al-Farabi’s ideas. In addition, the main focus of the article is on al-Farabi’s analysis of Aristotle’s principles in the study of logic and its further development. Al-Farabi’s reputation as the “second teacher” in the world after Aristotle, “the first teacher in the East” is directly related to his skill and improvement of the science of logic. Simply put, the “logic” of the thinker is that it leads a person on the right path, leading to the ability to radically distinguish good from evil, truth from false. This, in turn, helps the person avoid mistakes. Al-Farabi accepting the “logic” of Aristotle, conducts a comprehensive scientific analysis of socio-cultural foundations, allowing society to interpret it in its own way. When studying the theoretical foundations of al-Farabi’s doctrine of “logic” and its importance in the texts, the methods of hermeneutic and comparative stylistic research were used.

*Key words:* Al-Farabi, civilization, Greek philosophy, Aristotle, treatises, philosophy, science, Plato, logic, etc.